

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қантардағы N 37 қаулысына  
өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 мамырдағы N 520 Қаулысы

**Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1.) "Кұрамында есірткі бар өсімдіктерді өнеркәсіптік қайта өндеу жөніндегі өндірістер кешенін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қантардағы N 37 қаулысында :

1) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі осы қаулының 2-тармағына сәйкес "XELORIA" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып белгіленген Жобаның орындаушысына құрамында есірткі құралдары мен психотроптық заттар бар өсімдіктер мен шөптерді өсіруге, жинауға, дайындауға, сондай-ақ есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеуге, өндіруге, өндеуге, тасымалдауға, жөнелтуге, сатып алуға, сақтауға, таратуға, өткізуғе, пайдалануға, жоюға лицензия беру мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен қарастырысын.";

2) мынадай мазмұндағы 4-1, 4-2-тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Жобаның орындаушысының Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Инвестиция және өнеркәсіп комитетінің "Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынмен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен "Қарасораны және оның туындыларын зерттеу мен олардан жаңа дәрі-дәрмектер жасау жөніндегі халықаралық орталық" акционерлік қоғамын құру мүмкіндігін қарастырысын.

4-2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Жобаның орындаушысына заңнамада белгіленген тәртіппен денсаулық сақтау жүйесінде есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіруге, тасымалдауға, сатып алуға, сақтауға, таратуға, өткізуғе, пайдалануға, жоюға лицензия беру мүмкіндігін қарастырысын.";

3) 6-тармақтың "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы қурес жөніндегі комитетімен және" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*K. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК